

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп комитетінің "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қаңтардағы N 25 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 1313 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.15 № 1313 Қаулысымен.**

**Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.05.07 N 429 Қаулысымен.**

Инвестициялық және өндірістік әлеуетті дамыту үшін жағдайлар жасау, отандық машина жасау өнімінің экспортқа бағдарлануын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп комитетінің "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ( бұдан әрі - серіктестік) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.05.07 N 429 Қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) серіктестіктің жарғысын бекіту кезінде оның қызметінің негізгі мәні машина жасауды ғылыми, техникалық және технологиялық дамыту саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру деп белгіленсін;

2) серіктестіктің жарғысын бекітсін;

3) серіктестіктің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін ;

4) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитетіне серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану  
қ ұ қ ы ғ ы н б е р с і н ;

5) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.  
**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.05.07 N 429 Қаулысымен.**

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 7

қ а ң т а р д а ғ ы

N

2 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):  
көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция және өнеркәсіп комитеті" деген бөлімде:  
реттік нөмірі 525-жол алынып тасталсын.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-114-жол мен толықтырылсын:

"123-114

"Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" ЖШС.

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N

659 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-қ ұ ж а т ) :

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде :

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитетіне" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция және өнеркәсіп комитетіне";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 291-1-жолмен толықтырылсын:

"291-1 "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" ЖШС;

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитетіне" деген бөлім алынып тасталсын.

4. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 47, 586 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестиция және өнеркәсіп комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде :

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

"Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы".

5. "Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы N 483 қаулысында :

1) Акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) бәсекелі ортаға берілуі тиіс акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестердің) тізбесінде :

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-1-жолмен толықтырылсын:

"11-1. "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 100 %;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген бәсекелі ортаға берілуі тиіс республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген бөлімде:

"Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны" деген 4-тармақ алынып тасталсын.